

## КІРІСПЕ

Осы De'Longhi өнімін таңдағаныңызға рахмет. Қауіп-қатерлердің және құрылғының зақымдануының алдын алу үшін осы нұсқауларды оқуға бір сәт уақытыңызды бөліңіз.

### Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер төмендегі осы таңбалармен анықталады.

Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады.

Осы ескертулерді ескермеу электр тогына түсуге, ауыр жарақатқа, күйіктерге, өртке немесе құрылғының жарақаттануына әкеп соқтырады.



#### **Маңызды!**

Мұндай ескертуді елемеу жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



#### **Күйіп қалу қаупі бар!**

Мұндай ескертуді елемеу күйіп қалуға әкеп соқтырады.



#### **Ескеріңіз:**

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды ұсыныстар мен ақпаратты білдіреді.

## МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

### Қауіпсіздікке қатысты ескертулер



#### **Маңызды!**

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз

жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.

- 3 жасқа толмаған балаларды үздіксіз бақылау болмаған кезде аулақ ұстаңыз.

- 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны тек қалыпты жұмыс істейтін орынға орналастырғанда немесе орнатқанда және олар бақылауда болғанда немесе құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және болуы мүмкін қауіп-қатер туралы ақпарат берілгенде ғана іске қосуы/ажыратуы керек. 3 жастан асқан және 8 жасқа толмаған балалар құрылғыны розеткаға қоспайды, реттемейді, тазаламайды немесе техникалық күтім көрсетпейді. ЕСКЕРТУ — Осы өнімнің бөліктері өте ыстық болуы және күйіп қалуға себеп болуы мүмкін. Балалар және мүмкіндіктері шектелген адамдар бар жерде оларға

өте мұқият назар аудару керек.

- **ЕСКЕРТУ:** Қызып кетудің алдын алу үшін ешбір жағдайда құрылғыны пайдалану кезінде оның бетін бүркемеңіз, себебі бұл қауіпті қызып кетуге себеп болуы мүмкін.
- Осы радиатордың негізгі бөлігі арнайы майдың дәл мөлшерімен толтырылған, сондықтан, май құйылған бөлікті ашуды қажет ететін жұмыстарды қызмет көрсету агенті орындауы керек. Кез келген май ағу жағдайын Тұтынушылар тәжірибесі қызметіне хабарлау керек, толық мәліметтерді берілген кепілдік құжатынан көріңіз.
- Бұл құрылғыны бекітілген қабырға розеткасының дәл қасына қоймау керек.
- Қыздырғышты ваннаға, раковинаға, душтарға және бассейндерге өте жақын жерде пайдаланбаңыз.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны өнім жасаушысы, техникалық қызмет орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруы керек.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** қауіпсіздік жүйесін байқамай қайта орнатудан



туындайтын кез келген қауіп-қатердің алдын алу үшін, бұл құрылғыны сыртқы таймермен іске қосу керек.



**Ескеріңіз:**

- Бұл қыздырғышты жуылған киімдерді кептіру үшін пайдаланбаңыз.
- Қыздырғыш ыстық болған кезде қуат кабелін оның үстіне қоймаңыз.
- Біз сізге қыздырғышты өтпе желі бар жерге орналастырмауды ұсынамыз, себебі ауаның қатты өтпе желі құрылғының пайдалану тиімділігіне едәуір әсер етуі мүмкін.
- Қыздырғышты тек тік бағытында пайдаланыңыз.
- Қыздырғышты мүліктен немесе басқа нәрселерден кемінде 50 см алшақ орналастырыңыз.
- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, «жаңа» иісті кетіру үшін оны термостатты барынша орнатып, 15 минутқа қосып қойыңыз. Тасымалдау алдыңғы қыздыру элементіне жағылған қорғаныш заттың еруіне байланысты аздап түтін шығуы мүмкін.
- Құрылғының төменгі жағындағы ыстық ауа шығатын саңылаулар немесе ауа кіру торы жабылып қалмасын.
- Құрылғыны тіпті ол орнатылғаннан кейін де ашаға және розеткаға оңай қол жеткізуге болатындай етіп орналастырыңыз.
- Бұл құрылғыны ауданы 4 м<sup>2</sup> кем болатын бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғы абайсызда шамадан тыс қызып кету салдарынан құрылғыны ажырататын қауіпсіздік құрылғысымен жабдықталған. Қалпына келтіру үшін Тұтынушылар тәжірибесі қызметімен хабарласыңыз, мәліметтерді берілген кепілдік құжатынан көріңіз.



**Күйіп қалу қаупі бар!**

- Ұзартқыш сымды пайдалануды ұсынбаймыз, себебі қыздырғышты

пайдалану барысында ұзартқыш сымның шамадан тыс қызып кетуі мүмкін.

**С** Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- 2006/95/ЕС төменгі кернеу директивасы және кезекті толықтырулары;
- EMC 2004/108/ЕС директивасы және электромагниттік сәйкестік (ЭС) және кезекті толықтырулар;

## СИПАТТАМА

**A** Термостат

**B** Қуат таңдағыш

**C/D/E** Қуат индикаторының шамдары (MIN (ЕҢ ТӨМЕН), MED (ОРТАША), MAX (ЕҢ ЖОҒАРЫ))

**F** Сым ұстағышы


**G** Дөңгелек

## ПАЙДАЛАНУ

### Дөңгелектерді бекіту

Радиатордың бетін сырып алмас үшін оны кілемге немесе жұмсақ нәрсеге төңкеріп қойыңыз.

Дөңгелектерді сыртқа қарай бұрау арқылы толығымен жазыңыз (1-сурет). Радиаторды тік бағытына қайта бұраңыз.



### Абайлаңыз

Қыздырғышты әрқашан тік тұрған күйінде пайдаланыңыз (дөңгелектер астында, басқару элементтері үстінде).

Басқа кез келген бағыт қауіпті жағдайды туындатуы мүмкін.

### Орны

Қыздырғышты қуат розеткасының дәл астына орналастырмау керек. Бұл радиаторды еден ауданы 4 м<sup>2</sup> (43 кв/фут) кем болатын бөлмелерде пайдаланбаңыз.

## Қосылым

- Құрылғыны пайдаланбас бұрын құрылғының мәліметтер жапсырмасында көрсетілген кернеу мен үйіңіздегі желінің кернеу және розетка көрсетілген жүк шамасына сай екенін тексеріңіз.
- Сақтандырғыштардың көтере алатын ток мөлшерлерін де тексеріңіз. ҚЫЗДЫРҒЫШТЫ ТЕК ЖЕРГЕ ҚОСЫЛҒАН РОЗЕТКАЛАРҒА ҒАНА ҚОСЫҢЫЗ.
- Құрылғы электромагниттік үйлесімділікке қатысты 2004/108/ес стандартына сай. Киімдерді, төсектерді, жиһазды және тұтанғыш материалдарды қыздырғыштың қабырға розеткасынан аулақ ұстаңыз.

## Іске қосу

Ашаны розеткаға қосып, термостат дөңгелегін ең жоғарыға бұраңыз және құрылғыны қуат таңдағышын пайдаланып тиісінше іске қосыңыз.

- Ең төменгі қуатты таңдау үшін қуат таңдағышты MIN (ЕҢ ТӨМЕН) бағытына бұраңыз (min. шамы жанады).
- Орташа қуатты таңдау үшін қуат таңдағышты MED (ОРТАША) бағытына бұраңыз (min/med шамдары жанады).
- Ең жоғарғы қуатты таңдау үшін қуат таңдағышты MAX (ЕҢ ЖОҒАРЫ) бағытына бұраңыз (шамдар жанады).

## Термостатты реттеу

Бөлме температурасы қалаған деңгейге жеткен кезде, термостат тетігін сағат тілі бағытына қарсы «сырт» еткен дыбыс шыққанша бұраңыз, бірақ одан әрі бұрамаңыз. Одан кейін термостат орнатылған температураны автоматты түрде реттейді және тұрақты күйде сақтайды.

Егер құрылғыңыз үш шығыс тесікті болса, аралық мезгілдерде немесе температурасы өте салқын емесе күндері қуатты үнемдеуді және тұтынуды оңтайландыру үшін, ең төменгі шығысты таңдаңыз.

## Еріту функциясы

Термостат тетігін \* бағытына бұрып, қуат


таңдағышты MAX бағытына бұраңыз. Құрылғы шамамен 5°C болатын ең төменгі бөлме температурасын сақтап тұрады, осылайша қуатты үнемдеп, қатудың алдын алуға болады. Таймермен келетін үлгілерде тістерді ішке қарай орнату керек.

### Ескертпе

Құрылғыны толығымен өшіру үшін, қуат таңдағышты «0» бағытына бұрап, құрылғыны розеткадан суырыңыз.

## ТАЙМЕРІ БАР ҚҰРЫЛҒЫЛАР

### Таймерді пайдалану әдісі



Қыздыруды бағдарламалау үшін, мыналарды орындаңыз:

- Сағаттағы немесе қолсағаттағы уақытқа қараңыз. Егер ол 22:00 болса, саны бар таймер дискісін сағат тілі бағытымен дискідегі 22 (10 p.m.) саны таймердегі ▲ (3) көрсеткісіне сәйкес келгенше бұраңыз. Тістерді (1) ішке қарай итеру арқылы құрылғыны іске қосқыңыз келген уақыт кезеңдерін орнатыңыз. Әрбір тіс (1) 15 минуттық кезеңге сай. Бұл пайдалану (2) кезеңіне сай көрінетін бөліктерді қалдырады. Орнатылған кезде, радиатор бағдарламаланған уақыттар барысында әр күні автоматты түрде жұмыс істейді. Радиатор әрқашан розеткаға қосулы болуы керек).
- Бағдарламаны өзгерту үшін, тістерді бастапқы бағыттарына қайтарып, жаңа жұмыс істеу кезеңдерін орнатыңыз.
- Егер құрылғыны бағдарламалаусыз пайдаланғыңыз келсе, барлық тістерді ішке қарай итеріңіз. Мұндай жағдайда,

құрылғыны толық ажырату үшін, сонымен қатар, дөңгелекті өшірулі бағытқа бұрау үшін, таймердің үздіксіз жұмыс істеуіне жол бермеу мақсатында оны розеткадан суыруыңыз керек.

### МАҢЫЗДЫ: САҒАТ ДӨҢГЕЛЕГІН САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫНА ҚАРСЫ БҰРАМАҢЫЗ.

Таймер электрлік сағат сияқты, ол тек розеткаға қосылған кезде ғана жұмыс істейді. Розеткадан ажыратылған кезде, таймер тоқтайды да, кейінірек бастапқы қалпына келтіріледі.

### ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРЫЛҒЫСЫ

Қауіпсіздік құрылғысы қыздырғышты шамадан тыс қызып кеткен жағдайда өшіреді. Мұндай жағдайдан соң қыздырғышты қайта қоспас бұрын ең жақын жердегі De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.

### ТЕХНИКАЛЫҚ КҮТІМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Қыздырғышты әрқашан розеткадан ажыратыңыз және радиаторды суытып алыңыз.

Радиаторды жұмсақ әрі дымқыл шүберекпен сүртіңіз; жуғыш химикаттарды немесе қырғыш заттарды пайдаланбаңыз.

Егер радиатор біраз уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, сымды ұстағыштың айналасына орап, құрғақ жерде сақтаңыз.

Бұл құрылғы ұзақ жылдар бойы ешбір проблемасыз қызмет көрсететіндей етіп жасалған. Ақаулық немесе күдік болған жағдайда, қыздырғышты өзіңіз жөндеуге әрекеттенбеңіз. Бұл өрт және электр тогына түсу қаупін арттыруы мүмкін.

Ең жақын жердегі De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз (тіркелген қызмет көрсету орталықтары тізімін көріңіз).

### ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қуат көзі Мәліметтер тақтасын көріңіз  
Тұтынылатын қуат “

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз  
Үлгі: “  
Кернеу: “  
Жилілік: “  
Қуаты: “

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.

via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy

Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.

Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап кершілікті және импортер:

“Делонги” ЖШҚ

127055 Ресей, Мәскеу қ,

Сущёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат

Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау

мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

**EAC**

## АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

ПРОБЛЕМА	СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Құрылғы жұмыс істемейді	<ul style="list-style-type: none"><li>- Оның жалғанғанын және электр розеткасының жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.</li><li>- Кез келген кедергінің жоқтығына көз жеткізіңіз.</li><li>- Температура тым төмен орнатылған болуы мүмкін.</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>- Розеткаға қосыңыз.</li><li>- Бітеп тұрған нәрсені алып тастаңыз және құрылғыны салқындатып қойыңыз. Егер құрылғы жұмыс істемесе, ең жақын жердегі De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.</li><li>- Температураны жоғарырақ бағытқа орнатыңыз.</li></ul>